



Оқтұстiк

ҚАЗАҚСТАН

8 маусым, 2012 жыл. №88-89 (19299)

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

ЖҰМА

облыстық қоғамдық-саяси газет

WWW.OKS.KZ

— Жүке, жұртшылықтың көркем әдебиеттің барлық жанрларын жаппай оқи бермейтіні, жанына жақын сезіне бермейтіні белгілі. Соның бірі — ғылыми фантастика. Ал, сіз қазақ әдебиеті шақырағында тұңғыш болып сериялы ғылыми-фантастикалық романдар жазып келе жатқан жазушысыз. Бүгінде әрқайсысы қалың бір жинақ болатын қолжазбаңыздың саны сексеннен асыпты. Олардың он бір томы оқырман қолына кітап болып тиіп, игі бағасын алды. Осы сериялы ғылыми-фантастикалық романдарыңыздың жалпы айдарын "Кеңістік көшпенділері" деп атауыңыздың мәні неде?

— Ең біріншіден, дана қазақтың ежелгі көшпенді тұрмысын негізге алдым. Бұл жеңіл-желпі бағалайтын әрекет емес, бұл ата-бабаларымыздың табиғатты аялау мен қорғаудағы дана төсілі. Мен бұл мәселеге осы сериямның төртіншісі - "Көктен келген

стан" газетінің былғы, 2012 жылғы қаңтар айының 5 тәулігіндегі нөмірінде "Қазақтың жұлдызды өркениеті" деген көлемді ғылыми-танымдық мақала жарияланды. Сонда мен киіз үйдің дана халқымыздың жұлдызды өлемді танып-білуде ерекше рөл атқарғанын жаздым.

Алатаудың баурайындағы саяжайымда киіз үй тіккенім рас. Әкем Сәдуақас (Сахы - лақап аты) ұста болған, киіз үй де жасаған. Сол киіз үйлерінің бірі анам Құлханыстың Қаратау қаласында тұратын туған жыршы ағасы Сейдәлдөннің үйінде сақталыпты. Соны мен анаммен бірге арнайы барып Алматыға алдырдым. Ішін жиһаздап, сөндеп, демалыс сәттерінде домбыра шерттім, түн мезгілдерінде үзіктері мен түндігін ашып, сериямның екіншісі - "Борыш" ғылыми-фантастикалық романының қаламақысына "Электрон" дүкенінен өуескойлық сыңар дүрбі сатып алдым. Сол арқылы 1988 жылғы қыркүйек айында Қызыл ғаламшар - Мар-

тағы басқа да жай көзге байқалмайтын көптеген көріністерді бақылап зерттедім. Осының бәрін жеке обсерваториясы жүзеге асыра алмас едім. Бүгінде де ол ісімді жалғастырудамын. Үйімде жапонның өзім "Сүмбіле" деп ат қойып алған сыңардүрбі — телескопым бар. Астананың жері тегіс, көкжиегі кең, түнгі аспаны тұнық, жұлдызды өлеммен сырласуға мол мүмкіндік бар.

— "Жүз рет естігеннен бір көрген артық" деп тегін айтпайды ғой дана халқымыз. Сіздің сериялы ғылыми-фантастикалық романдарыңызда айтылған идеялардың ғылымда жүзеге асып жатуы да осындай ізденісіңіздің нәтижесі. Ал, енді қазақ әдебиетінде осы жанр елімізде қай кезден басталады? Кейбір зерттеушілердің қазақ фольклорында фантастиканың көріністері бар дейтіні мәлім. Қазақ жазба әдебиетіндегі ғылыми-фантастикалық шығарма қашан, қай автордан бастау алады? Содан бергі уақытта

осы конгресті қазіргі қазақ сөз өнеріндегі ғылыми-фантастиканың жаңа бағытын айқындап беруге негіз болды дей аласыз ба?

— Олай деуге әбден болады. Өйткені, бұл конкурстарда жас қаламгерлердің алдарына жаңа талаптар қойылды. Мен оқып шыққан көптеген фантастикалық шығармаларда еліміздің келешегін келелі етіп көрсетуге деген талпыныстар айқын байқалды. Бұл конгресс пен конкурстардың жас қаламгерлерге ерекше бөлек ықпал еткенін, оларға рух бергенін көрсетеді.

— Жүке, әдебиетімізде өз сөзіміздей болып қалыптасып кеткен "фантастика" сөзінің грек тілінен қазақшалағанда "көзге елестету өнері" деген ұғымды білдіретіні белгілі. Осы жанрда қалам тербеп жүрген авторлар шығармаларының бүгіндегі жазылу деңгейі көңіліңізден шыға ма?

— Әрбір жазушының өз жазу стилі, дүниеге көзқарасы мен түсінік-түйсігі бар. Ал, ғылыми-фантастика жанрында жазушыға қойылар талап жоғары. Әуелі жазушы

тіршілігі мен үйіне келіп-кетіп туыстары мен дос-жарандарының кедергі келтіретінін айтты қалады. Сіз тәуелсіз еліміздің ұрпақты болуына да атсалысып, төрт пәрзент тәрбиелеп өсірдіңіз. Қызметіңіз бен туған-туыс, дос-жарандарыңызбен араласуыңыз, көкейкесті мәселелеріңіз тағы бар. Соның бәріне қарамастан осынауға ғылыми-фантастикалық романдар жазуыңыздың сыры неде? Уақытты қалай табысыз?

— Бұл сұрағыңыздан менің ойыма бір жазушы-фантастың жазған "Жазушы" атты фантастикалық юморы түсіп отыр. Әлгі жазушысымақ "Менің жазуыма кедергі келтіреді" деген оймен әйелінің құрсақ көтеруіне тыйым салып, шығармалар жазады. Бірақ ол шығармалары жарамсыз болған соң ешбір басылым орны жарияламайды. Содан бірде ол бір инженер ойлап тапқан "Алдағы тағдырды білгіш" құралының экраны арқылы алдағы тағдырын көреді. Сөйтсе, өзін емес, келешекте дүниеге келетін ұлы жазушы болады екен. Содан сол әйеліне келіп, ұлды болғысы келетінін айтады.

— Ұлы Жаратушымыз жаратқан бұл жарық дүниеде адам жалғыз ғұмыр кешуге тиісті емес. Мен ешқашан да отбасымнан да, туған-туыстарым мен дос-жарандарымнан да жазуыма кедергі көрген емеспін. Керісінше, үйде бір мезгілге жалғыз қалған сәттерімде қолым қаламға бармайды. Жазу өнерінде өзінше бір күрделі процесс. Ол тыныштық пен ықыласты талап етеді. Сондықтан да жазуға уақыт таба білу және оны тиімді пайдалана білу қажет. Сонда іс өнімді болады. Бұл тек жазу өнерінің иесі емес, қай саланың маманына да қажет нәрсе.

— Жазу жағынан ғана емес, авторлық сериялы ғылыми-фантастикалық романдарыңызды кітап етіп шығарудан да ілгерісіз өз өріптеріңізден. Біз білетін көптеген жазушылар мен ақындар жазғандарын кітап етіп шығарудың жолын таба алмай жатады. Мұнығыздың сыры неде?

— Бұл әрекет те ынта мен ықыласқа келіп саяды. "Жыламаған балаға ана емшек бермейді" дейді дана қазақ халқымыз. Қай мекеменің де өзіндік жоспары, өзіндік қыруар істері бар. Олардың қызметкерлері әрбір жазушыға "Неге кітабыңды өкелмей жүрсің?" деп дабыл қағып отыра алмайды. Ал, ізденіп барған адамның бетін қаққан емес. Менің авторлық "Кеңістік көшпенділері" сериялы ғылыми-фантастикалық романдарымның көбі мемлекеттік тапсырыспен жарық көрді. Баспа қаражатымен шығарып берген баспагерлер де бар. Оларға менің алғысым қашан да шексіз. Әсіресе, бұл қамқорлық еліміз тәуелсіздік алған жылдардан қарқын алды. Кеңес Одағы тарағанға дейін менің небері үш кітабым шықса, тәуелсіздік жылдарында сегіз кітабым оқырмандар қолына жетті.

— Оқырман қолына жетті демекші, кітаптың баспаханадан басылып шығуы бар да, оның таралымының аздығы бар. Бұл жөнінде қаламгерлер аз айтты жүзеге жоқ. Ал, сіздің авторлық сериялы ғылыми-фантастикалық романдарыңыздың таралымы қалай?

— Кітаптың таралымының көп болғаны да қажет шығар. Бірақ бұл тұста кітап мазмұнына да назар аудару керек сияқты. Жас кезімде шағын ауылымда санаулы ғана "Батырлар жыры" кітабы болатын. Соны үлкендер жағы кешкілік кезекпен әрбір үйге жиналып, жастарға дауыстатып оқыатын. Шығарма жақсы болса, ол ауыздан-ауызға тарайды. Оқырман оны қайдан болса да тауып алып оқиды. Ал, бүгінде, электронды кітапхана бар. Кез келген кітапты оқырман үйіндегі компьютерінің экранынан да, кітапханада сол кітапты қолына ұстап отырып та оқи алады. Мен өз басым Астанадағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы және Алматыдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасымен келісім жасастым. Тек ол екеуі емес, кітаптарым барлық облыстық кітапханалардың сайттарында тұр. Оқырманның оқуына жол ашық. Тіпті, көшіріп алып оқимын десе де құқы бар. Бұл үлкен мүмкіндік.

— Ләйіп, осындай мүмкіндіктер бола берсін. Шығармашылығыңызға қашан да үлкен табыс тілейміз. Оқырмандарыңыз көбіне берсін. Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан Жеңіс БАҒАДҰР.

Жүніс САХИЕВ, фантаст-жазушы, Халықаралық «Байқоңыр» сыйлығының лауреаты:

Қазақтың даналығын ғылыми-фантастикамен дәріптедім

көшпенділер" ғылыми-фантастикалық романымы арнадым. Ата-бабаларымыз бүгіндегідей бір жерді таптап, асфальттап, ауасын газ-түтінмен былғап, суын лайлап отырған емес. Қоныстанған жері тақырлана бере өзге орынға қоныс аударып отырды. Ол жерден бұрынғы мекенжайларға қайта көшіп келгенше мұндағы өсімдік те бой жазып, көкөрайға айналып үлгереді. Ғылыми-фантастикалық романыма осы даналықты мойындату арқылы, қазақ халқының даналығын Ғалам кеңістігіне ғылыми-фантастикалық тұрғыдан паш еттім. Ал, бұл жарық дүниедегі уақыт пен кеңістікте қозғалмайтын тірі жан жоқ. Шығармаларым бір серияға тоғысқанмен, тақырыбы әралуан. Өйткені, жер беті мен жер асты, су көздерінің айдыны мен терені де, шексіз ғарыш та кеңістік. Осы тұрғыдан осылай атадым. Бүгінгі адамдардың тіршілігін отырқышылыққа балаймыз. Ал, шын мәнінде, санап қарасак, бір қаланың өзінде күн сайын көш болып жатады.

— Алматыдан Астанаға қоныс аударуыңыздың басты себебі де ата-бабаларымыздың турлы көштік дәстүрі десеңізші. Одан бері де он жыл өте шығыпты. Жалпы, көркем, ғылыми көркем әдебиетке біржолата деп қойған жазушылардың басым көпшілігі мәдениеттің, өнердің ордасы салалатын — бұрынғы астанадан ұзағысы келмейтіні бар. Ал, сіздің Елордаға қарай ұлттылығыңыздың өзіндік бір себебі бар болар?

— Ғылыми-фантастикалық романдар жазу үшін үнемі ізденіс қажет. Бүгінде Астана танданбайтын пенде жоқ. Ал, келешек жайлы жаза жүріп, осындай өркениетті ордан шет қалуға еш хақым жоқ еді. Астана барғалы менің шығармашылығым жандана түсті.

— Осындай өркениетке құштар болуыңызға қарамастан ата-бабалар дәстүрін де ұмытқан емессіз. Қай ғылыми-фантастикалық романыңызда да қазақтың киіз үйі, салт-дәстүрі суреттеледі. Кейіпкерлеріңіздің бәрі де қазақтың ұлы мен қызы. Іс-әрекеттері де қазақты. Кеңес Одағы кезінің өзінде Алматыда үйлену тойыңызда үстіңізге қазақтың ою-өрнекті көк шапанын, басыңызға көк бөркін кигеніңізді, қалыңдығыңыздың да сондай ұлттық киім мен сәукеге кигенін білеміз. Алатаудың баурайындағы саяжайыңызда киіз үй тізіп, төрінде домбыра шерттіп, керегелері, уықтары мен шақырағы арқылы аспан өлемін зерттегеніңіз де бар еді. Яғни жегдайыңызға қарай шағын обсерваторияңыз болды.

— Киіз үй қазақ халқының ғана емес, бүкіл дүниежүзі халықтарының ерекше қасиет тұтатын баспанасы, бүгіндегі обсерваториялардың негізі. Ол жай емес, физикалық, геометриялық, математикалық тұрғыдан дәл есеппен жасалған. "Егемен Қазақ-



стан Жерге ұлы қарсы тұруы кезінде оған ай бойы бақылау-зерттеу жүргізіп, қараңдашпен оның өз көзіммен көрген 60 түрлі суретін салдым, ғылыми түсіндірмесін жаздым. Ол еңбегім далаға кеткен жоқ. 1990 жылдың қаңтар айында Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы Астрофизика институты мен Мәскеудегі "Астрономический вестник" ғылыми журналының жауапты хатшысы, астроном И.Зоткиннің ұсынысымен КСРО Ғылым академиясы құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамына мүше болдым.

— Ал, енді "Астанаға көшкеннен кейін жұлдызды өлемді бақылауың қалай дамып жатыр?" деген сұрақ туындайды. Жалпы, кеңістікті зерттейтін ғылыми мекеме бола тұрып, жеке обсерватория ашудағы мақсатыңыз не? Аспан өлемінен ашылмаған құпиялар тереңіне еніп кеттіңіз бе?

— Ғылыми-фантастика жанры қашан да ғылыми ізденісті талап етеді. Мен аспан өлеміне жастайымнан өуеспін. Оған өкем мен анам айтқан аспан жайлы аңыздар негіз болды. Бұл құштарлығым келе-келе ғылыми ізденісіме ұласты. Кейіпкерлерімді жұлдыз аралық кеменен жіберетін жұлдыз жүйесін кітаптан оқып білу аз. Оны мен шағын болса да өзімнің жеке сыңардүрбім арқылы өз көзіммен көруім керек, сезінуім керек. Сонда ғана шығарма нағыз ғылыми-фантастикалық шығармаға айналады. Мен Асқақ ғаламшар - Юпитерді, Қызыл ғаламшар - Марсты, сақинасымен ерекше көз тартатын Қонырқай ғаламшар - Сатурнды, Сүмбілені, Үш арқар-Таразы шоқжұлдызындағы "Ат басы" тұмандығын, құйрықты жұлдыздарды және

ұлттық әдебиетіміздегі ғылыми-фантастика жанрының дәуірлеу кезеңі болды ма?

— Қазақ ғылыми-фантастикасының қайнар бұлағын қазақ ертегілерінен іздеу негізсіз. Әрбір жанрдың өз орны, өз ерекшелігі бар. Қазақ ертегілерінде айтылатын оқиғаларды дана халқымыздың тұрмысқа, хайуанаттар мен шаруашылыққа байланысты тудырған ой-армандары деп қарауымыз керек. Оның өз зерттеушілері бар.

Ал, қазақ әдебиеті шақырағындағы ең алғаш "ғылыми-фантастика" деген графпен жарық көрген шығарма — ұлы ғалым, геолог, фарабитанушы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің 1957 жылы жарық көрген "Жер астына саяхат" шығармасы. Қазақ ғылыми-фантастикасының дәуірлеуі дегенде осы өткен 2011 жылғы желтоқсан айының 1-2 тәуліктерінде Астанадағы Назарбаев университетінің Сенат залында қазақ ғылыми фантастикасы тарихында тұңғыш өткен жазушы-фантастардың 1-конгресін айтудымыз керек. Оның алдында осы жанр бойынша жас талапкерлер арасында республикалық және халықаралық конкурстар өткізілді. Оған мынанан аса жас қаламгер атсалысты. Нәтижесінде 14 талапкер республикалық, 11 талапкер халықаралық конкурстың жеңімпазы атанып, арнайы сыйлықтарға ие болды.

— Бұл конгресс қай-қайсысымыздың да назарымызда болды. Оның жабылуы салтанатында өзіңізге және ресейлік екі жазушы-фантастаға Халықаралық «Байқоңыр» сыйлығының лауреаттық дипломы табыс етілді. Бұл жетістігіңізбен құттықтаймыз! Ал,

жанрдың табиғатын дұрыс түсінуі керек. Содан кейін ғылыми ізденіске көшкені жөн. Тек сонда ғана оның қаламынан ғылыми идеялы, ғылыми-фантастикалық шығарма туады. Ондай шығармалар некен-саяқ болса да бар.

— Осы күрделі жанрда жазатын қаламгерлердің қарама неге сирек?

— Ғылыми-фантастикаға қалам ұшын тигізгендердің қатары сирек емес, осы жанрда шығарманы тұрақты жазатын қаламгерлер аз. Олардың бір-екі өңгіме жариялап немесе кітап шығарып, ат басын басқа жанрға немесе басқа еңбек жазуға қарай бұрып кетулерінің себебін келе-келе жанр ауырлығын сезінгендерінен болар деп ойлаймын. Бұл "Адақанның алды жөн, арты соқпақ" дегенге келіп саяды. Мен ондай авторлардың елуге жуығын атап берер едім.

— Осы сіз діни аңыз-әңгімелерге қалай қарайсыз? Оларда фантастикалық элементтер бола ма?

— Қиял араласпайтын шығарма болмайды. Шынайы делінген шығарманың да көп оқиғалары ойдан қосылады. Діни аңыз-әңгімелер құрылымы жағынан қиял-ғажайып ертегілерге жақын. Сондықтан да оларға аса еліктеп кетудің еш жөні жоқ.

— Сіздің авторлық "Кеңістік көшпенділері" сериялы ғылыми-фантастикалық романдарыңыздың көпшілігі жұлдызды өлемге арналауы. Кейіпкерлеріңіз болса да ғарышкерлер. Ал, өзіңіз ғарышкерлермен кездестіңіз бе? Сол ғарышкерлер ғарышқа аттанатын өлемге мәншүр Байқоңырда болдығыз ба?

— Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровпен үш рет кездесіп, ғарыш жақында кең отырып өңгімелестім. Өткен 2011 жылғы сәуір айының 6-12 тәуліктерінде Ақтөбе облыстық планетарийінің арнайы шақыруы бойынша Ю. А. Гагариннің ғарышқа ұшқанына 50 жыл толуына байланысты өткен апталыққа қатыстым. "Қазақ халқының жұлдызды өлемді тану тарихы" және "Байқоңырдан бастау алған жұлдызжол" тақырыптарында планетарийде облыс жұртшылығына ғылыми дәріс оқыдым. Ал, сол 2011 жылғы қараша айының 7-14 аралығында Ақтөбеде өткен Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Индонезия, Қытай және басқа елдер жас астрономдарының Халықаралық олимпиадасының бел ортасында жүрдім. Қарашаның 10-шы тәулігінде солармен бірге Байқоңырда, ондағы Ю.А.Гагарин ғарышқа ұшар алдында түнеген шағын үйде, ол ғарышқа аттанған нөмірі 1-ші аттаныс алаңында, ғарыш аялақтың мұражайында болдым. Ғарышкерлер жайлы жазған еңбектерімді, ғылыми-фантастикалық романдарымды табыс еттім. Пікір журналдарына қолтаңбамды қалдырдым. Үлкен әсермен орадлым.

— Ол сапарыңыз сізге үлкен шабыт та берген болар. Кейбір жазушылар шығарманы көп жазуына отбасындағы күйсі